

"Ұлан ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау схемасын мен тәртібін бекіту туралы"

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 326 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 мамырда № 3967 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 30 мамырдағы № 284 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 30.05.2016 № 284 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 14-бабының 3-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес, Ұлан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұлан ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібі осы қаулының 1, 2 қосымшаларына сай бекітілсін.

2. 2015 жылғы 30 наурыздағы № 233 "Ұлан ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы" қаулының күші жойылсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Р. Мамырбаеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ұлан ауданы әкімінің
міндетін атқарушы*

Д. Батырбаев

Ұлан ауданы әкімдігінің
2015 жылғы "27" сәуірдегі
№ 326 қаулысына 1 қосымша

Ұлан ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың Схемасы

№	Тура бағыт	Кері бағыт
1	2	3

[illegible]

[illegible]

	Огневка кентіндегі "С. Сейфуллин атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алаң.	Аялдама: Ұлан ауданының Огневка ауылдық округінің Огневка кентіндегі "Железнодорожная көшесі".
16	Аялдама: Ұлан ауданының Бозанбай ауылдық округіндегі Қызылсу елді мекені; Аялдама: Ұлан ауданының Бозанбай ауылдық округіндегі Ақжартас елді мекені; Аялдама: Ұлан ауданының Бозанбай ауылдық округіндегі Тоғанас елді мекені; Ұлан ауданының Бозанбай ауылдық округінің Бозанбай ауылындағы "Бозанбай орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алаң.	Ұлан ауданының Бозанбай ауылдық округінің Бозанбай ауылындағы "Бозанбай орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алаң; Аялдама: Ұлан ауданының Бозанбай ауылдық округіндегі Тоғанас елді мекені; Аялдама: Ұлан ауданының Бозанбай ауылдық округіндегі Ақжартас елді мекені; Аялдама: Ұлан ауданының Бозанбай ауылдық округіндегі Қызылсу елді мекені.

Ұлан ауданы әкімдігінің
2015 жылғы "27" сәуірдегі
№ 326 қаулысына 2 қосымша

Ұлан ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі

1. Балаларды тасымалдау тәртібі

1. Балаларды тасымалдау жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау заңнамасының талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен жүзеге асырылады.

2. Балаларды тасымалдаушы (бұдан әрі – Тасымалдаушы) жолаушылар мен багажды тасымалдауға заңнаманың талаптарын сақтаумен өзіне тиесілі автобустарды тасымалдау үшін пайдаланатын білім беру ұйымы болып табылады.

3. Тасымалдаушы тасымалдауды орындау алдында бұйрықпен бала-лардың тасымалдауын ұйымдастыру туралы шешімді ресімдейді, онда жүргізушінің, еріп жүрушілердің міндеттерін, жүру маршрутын және бала-лардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар регламенттелінеді.

4. Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда Тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тасымалданатын балаларға дереу хабарлауға тиіс.

5. Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетілген болуы тиіс.

6. Тасымалдаушы балаларды тасымалдайтын әрбір автобусқа өз

қызметкерлерінің санынан алғашқы дәрігерлік көмек көрсету әдістері бойынша дайындықтан және балаларды автобуспен тасымалдау кезінде қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша арнайы нұсқамадан өткен жауапты еріп жүруші адамдарды белгілейді.

7. Нұсқаманы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты адам жүргізеді.

8. Балаларды тасымалдау үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына жауап беретін жүргізушілерге рұқсат беріледі.

9. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне мыналарға жол берілмейді:

- 1) сағатына 60 км артық жылдамдықпен жүруге;
- 2) жүру маршрутын өзгертуге;
- 3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;
- 4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;
- 5) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;
- 6) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

10. Еріп жүруші отырғызу (түсіру) аяқталғаны туралы хабар бергеннен және автобус есіктері толық жабылғаннан кейін жүргізушіге отырғызу (түсіру) орнынан автобус қозғалысын бастауға рұқсат етіледі.

11. Көлік құралы жақындаған кезде еріп жүрушілер балалардың оның алдынан шығуына және жүру бөлігінде болуына жол бермейді.

12. Еріп жүрушілер балаларды отырғызу орнына ұйымдасқан тәртіпте (кіші балаларды – екі-екіден сапқа тұрғызып) жеткізеді. Отырғызу автобустың алдыңғы есігі арқылы жүргізіледі.

13. Еріп жүрушілер автобусқа отырғызу және одан түсіру, автобус қозғалысы кезінде және аялдау уақытында балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді.

14. Балаларды автобусқа отырғызу еріп жүрушілердің басшылығымен және жүргізушінің бақылауымен автобус тоқтағаннан кейін отырғызу алаңында жүргізіледі.

15. Сапар кезінде еріп жүрушілер балалардың:

- 1) салонда тұруына және жүруіне;
- 2) есіктер мен терезелерге жантаюына;
- 3) жоғарғы сөрелерге ауыр және орнықсыз заттарды қоюына;
- 4) қол жүгін өту жолдарына және кіреберістегі (шыға берістегі) алаңдарда

орналастыруына;

- 5) терезе ойықтарынан бастарын шығаруына;
- 6) терезеден қоқысты және қандай болса да өзге заттарды тастауға;
- 7) жазатайым жағдайдың алдын алуға бағытталған жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін ахуал туралы хабарламалардан басқа жүргізушіні көлік құралын басқарудан алаңдатуына;
- 8) жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндірмейтін жағдайларда авариялық жабдықтарды пайдалануына;
- 9) есіктерді ашуына;
- 10) төбелесуіне, итерісуіне, қимыл ойындарын ойнауға жол бермейді.

16. Тұрақтау (аялдау) кезінде балаларды автобустан шығару алдыңғы есік арқылы жүзеге асырылады. Автобустан бірінші болып еріп жүруші шығады. Тұрақтау (аялдау) кезінде еріп жүруші автобустың алдыңғы бөлігінде тұруы және балалардың түсуін және содан кейін балалардың жолдың жүру бөлігіне жүгіріп шықпауын бақылау қажет.

17. Автобустан шыққанда әрбір бала жеке заттарын бір қолымен көтеріп, ал екінші қолымен баспалдақтардан түскенде тұтқадан ұстауы тиіс. Тепе-теңдікті жоғалтпау және өзге жолаушыларды жарақаттандырмау үшін иықпен көтеріп жүретін рюкзактар мен сөмкелерді оқушылар иықтан шешіп, қолдарына алулары тиіс.

18. Түсірген кезде еріп жүрушілер балалардың:

- 1) есікке қарай қозғалғанда төбелесуіне, итерісуіне;
- 2) баспалдақтардан секіруіне;
- 3) көлік құралын жолдың жүргінші бөлігінен айналып өтуіне, оған шығуына;
- 4) жүргінші бөліктің маңында қимыл ойындар ойнауына жол бермейді.

19. Түсіргеннен кейін еріп жүрушілер:

- 1) жеткізу орнына келген балаларды санап шығады;
- 2) ұйымдасқан түрде оларды түсіру орнынан және автобустардың тұрақтау алаңшаларынан еріп жүреді.

2. Қорытынды ережелер

20. Қаланың шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау бойынша осы тәртіппен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.